

УДК 378.147:81'243

## ЦИФРЛЫҚ ТҮСІНДІРУ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МҰГАЛІМДЕРІНІң МЕДИАКОМПЕТЕНЦИЯСЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТИНДЕ

Туленова Ажар

*azhar.altaevna@mail.ru*

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.А. Екибаева

Мақалада адам санасына әсер етуші жаңа цифрлық объектілердің пайда болуымен қоғамның өзгеру мәселелері қарастырылады. Медиакомпетенция келіп түсетін ақпаратпен мәселені шешіп алу мүмкіндігі және қалауы ретінде кез келген саладағы кәсіблер үшін басты нәрсеге айналуда. Болашақ мұғалімдердегі медиакомпетенцияны қалыптастыру ерекше өзектілікке ие болуда. Қазіргі заманғы жастар басым бөлігінде олар screenreaders (тура мағынасында - экраннан оқушылар). Олар көлемді ақпаратты тез әрі жылдам өңдеуге және үстірт оку арқылы керегін табуға қабілетті. Бұл ретте ойланушылық сынни оку қабілеті жеткілікті түрде қалыптаспаған болып қала береді. Сыни оку қабілетін біз болашақ педагогтардың кәсіби-коммуникативті қабілетіне жатқызамыз және оларды болашақ шет тілі мұғалімдерінің медиакомпетенциясын құраушы ретінде қарастырамыз.

Біздің көзқарасымыз бойынша педагогтардың медиакомпетенциясын қалыптастыру медиа білім берудің ажырамас бөлшегі. Медиа білім берудің негізгі міндеттері: жаңа ұрпақты заманауи ақпараттық жағдайларда өмірге, түрлі ақпаратты қабылдауға дайындау, адамдарды оны түсінуге үйрету, оның психикаға әсерінің салдарларын сезіну, техникалық құралдар көмегімен вербалды емес коммуникация формалары негізінде қарым-қатынас тәсілдерін игеру».

Заманауи мультиакпараттық жағдайларда заттар мен оқиғалар туралы көзқарас медиакеңістіктің түрлі тараптарынан келеді, алайда шет тілдерінің болашақ мұғалімдерін дайындауда оқытылатын тілде көркем әдебиетті оку тіл және осы тіл мәдениеті туралы білімді алушың, сондай-ақ тұлғалық өмірлік көріністерді қалыптастырудың маңызды көзі болып қала береді. Алайда, бұл жердегі мәселе цифрлық технологиялар (digitalera) ғасырында өмірге келген заманауи ұрпақтың оқушы адамға мәтіннің мазмұнына мән беруге, себеп-салдарлық байланысты қадағалауға және кейіпкерлердің әрекетінің себебіне немесе оларға деген авторлық көзқарастың себебіне ойлануға мүмкіндік бермейтін былай айтқанда скринингке (screenreading) - үстірт окуға бейімділігі. Мұндай әдістің нәтижесі болып студенттердегі маңызды кәсіби талдау және сынни оқуларының қалыптаспауы саналады.

Ә. Г. Азимов және А. Н. Щукиннің пікірі бойынша, оқудың қалыптасқан және дамыған қабілеттері оқып жүрген тілді қызметтің түрлі саласында белсенді қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, оку ақпаратты алушың құрделі процесі ретінде осыған дейінгі бар ақпарат және жиналған білімнің өз тәжірибесімен салыстыра отырып, болашақ шет тілі мұғалімдерінің медиакомпетенциясын қалыптастыруға қажетті негіз ретінде ұсынылады. Алайда, оқудағы медиакомпетенцияны қалыптастыру тізбегі оқылғанды алу, сынни талдау және бағалау бойынша егер онда соңғы өнім болмаса, аяқталмаған болып саналады.

Біз методист Г. В. Рогова көзқарасымен келісе отырып, окуды оқушы адамның объективті бар мәтінді қабылдауы және өңдеуіне негізделген жай ғана сөйлеу қызметінің рецептивті түрі ғана емес, медианың әртүрлі түрінде, жанрда және формада хабарламаларды *таптаудауга, бағалауда* және *жасап шыгаруга* мүмкіндік беретін қабілеттер мен білімдерді

игерудің жиынтығы деп есептейді.

Бұл медиа білім берудің идеологтардың бірі А.В.Федоровтың тұлғаның медиакомпетенциясы анықтамасымен ұқсас, ол қолданушыға медиа мәтіндерді әртүрлі түрде, формада және жанрда тандауға, қолдануға, сынни талдауға, бағалауға, жасауға және жүзеге асыруға жәрдемдесетін белгілі бір мотивтердің, тұлғаның білімінің, қабілетінің кешені ретінде түсіндіріледі.

Ақпаратты шығармашылық түрде өндеу және өзіндік жеке медиа мәтіндерді жасау **цифрлық түсіндірменің** мультимедиалық технологиясының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Мультимедиа – өз құрылымына мәтін, аудио, видео және анимациялық элементтер сияқты ақпараттың әртүрлі түрлерін қосатын оқыту құралы.

Мультимедиалық технологиялар, дыбыстық суретті және анимацияны ортақ бір нәрсеге біріктіріп, студенттерге жағымды әсер етіп, оқытудың полифункционалды құралына айналады. Бұл әртүрлі физикалық көрініске ие (мәтін, графика, сурет, дыбыс, анимация, видео) және басқа да тасымалдағыштарда болатын ақпаратты қолданумен байланысты компьютерлік технологиялардың ерекше саласы. Оқытудағы мультимедиалық технологиялар компьютердің аппараттың және бағдарламалық құралдарын қолдана отырып, әртүрлі формаларда берілген ақпараттарды өндіруге, өндеуге, сақтауға және жіберуге мүмкіндік беретін тәсілдердің жиынтығын білдіреді.

Цифрлық түсіндірме дәстүрлі түсіндірмені, әңгімені және мультимедиалық технологияларды біріктіреді, бұл оны бірегей мультимедиалық өнімге айналдырады.

Мультимедиалық өнім ретінде цифрлық түсіндірменің айрықша қасиеттеріне жатады:

- 1) аудиовизуалды образдардың логикалық реттілігі түріндегі тұлғалық шығармашылық түсіндірме;
- 2) көлемді суреттер, дыбыстық сүйемелдеу, анимация, мәтіндік және сандық ақпараттардың технологиялық қосындысы;
- 3) аудиториямен қарым-қатынас жасаудың интерактивті формасы.

Студенттерді оқылған шығармалар туралы цифрлық түсіндірмені құрастыруға үйретуге болашақ мұғалімдер үшін дәстүрлі коммуникативтік, іздеу, рефлекстік қабілеттерді дамытумен қатар, студенттерден презентациялық қабілеттер мен мультимедиалық құралдар мен цифрлық құралдарды қолдану қабілетінің қосындысын талап ететін әңгімеледеудің инновациялық тәсілдерін үйрету де жатады.

Цифрлық түсіндіру қандай да бір тарихты ұсыну үшін автоматтандырылған құралдарды қолдану тәжірибесі саналады. Бұл тәжірибелі және оның өнімдерін сипаттауда қолданылатын басқа да көп терминдер бар: цифрлық деректі фильмдер, компьютерлік әңгімелер, цифрлық эсселер, электронды еске алулар, интерактивті түсіндірuler және т.б. Бірақ, жалпы олардың барлығы да әртүрлі медиа құралдарды, оның ішінде графика, аудио, видео және веб-жарияланымдарды да тарта отырып оқиғаларды айту өнерін біріктіру идеясының шеңберінде айналуда. Фотография, графика, видео, анимация, менталды карталар, дыбыс эффектілері, аудиоәңгіме, музыка, мәтін сияқты бұл құралдар түсіндіруді цифрлық етеді.

№64 мектеп-лицейінің оқушыларына тәжірибе өткізе отырып, біз осындаш шешімге келдік бұл - цифрлық оқиғаны құрастыру алгоритмі келесі қадамдардан тұрады:

1 қадам: Болашақ оқиғаның негізгі идеясын анықтау.

Цифрлық түсіндірудің негізгі идеясы оның авторының көзқарасына байланысты. Бұл кезеңде студенттерге авторлық қағидасын анықтап алу маңызды. Ол автордың/кітап авторының ойымен бірдей болуы мүмкін, болмаса күтпеген жаңа тұлғалық мағынаға ие болуы мүмкін. Бұдан соң автордың ойын ашатын және көрерменді қызықтыратын оқиғаның басты драмалық сұрағын (DQ) қалыптастыру маңызды.

2 қадам: Толық мазмұнды жоспарды құрастыру.

Жоспар оқиғаның басты драмалық сұрағын шешуге бағытталуы тиіс, сондықтан да бұл жерде керек емес бөлшектерден қаша отырып, цифрлық түсіндірменің логикасын бақылау маңызды. Жоспар келесі қадам үшін тірек болып саналады.

**3 қадам: Оқиғаны жазу.**

Оқиғаны жазбаша сөйлеудің барлық заңдылықтары бойынша түсіндірменің басты драмалық сұрағы қойылатын кіріспеден, негізгі пікірлер мен қорытындылар келтірілетін негізгі бөліктен бастап жазған жөн.

**4 қадам: Сценарийлік кадрға бөлуді / оқиғалар картасын құрастыру.**

Бұл кезеңде оқиғаның цифрлық құрылымының жобалануы жасалады. Студенттер оқиғаның аудиовизуалды қолдауын ойластырады. бұл кезеңнің келесі қадамды басып озбай, оған ілескені (қажетті материалдарды іріктеу) маңызды, себебі табылған материалдан емес, өзіндік ойынан бастағаны жақсы.

**5 қадам: Цифрлық материалдарды іріктеу (фото, аудио, видео, графика және т.б.).**

Егер бұған дейінгі цифрлық түсіндіруді жасаудың кезеңдерін студенттер жіберіп алған болса, материалды іріктеу оңай шаруа болмауы мүмкін. Бейнелеу, визуалды және музикалық құралдардың таңдауы үлкен болғандығы соншалық, тиісті жобалау мен нақты жоспарлаудың болмауы жұмысты айтартылтай баяулатуы мүмкін. Басқа бір қыры - экранизациялар мен фильм трейлерінен фрагменттерді қолдану. Бұл жағдайда жақсы түсіндірме шығады, ал өз оқиғасын жасау мақсаты орындалмаған күйде қалады.

**6 қадам: Оқиғаны монтаждау.**

Цифрлық түсіндірмені монтаждаудың бастапқы кезеңінде студенттер оларды шығару үшін дайын шаблондарды қолдануы мүмкін, ол жерде оларға тек таңдалған дыбыстық сүйемелдеуді қосуға қалады. Содан соң, қызығушылық және сенімділің пайда болғанына байланысты, Voice Thread, Pinnacle Studio, Movie Maker, We Video сияқты одан да құрделі құралдарды қолдануға болады. Бұл бағдарламалар әртүрлі мәтіндік форматтарды, аудио және видео файлдарды құрастыруға, сүйемелдеуші мәтіндерді монтаждауға, оны видео қатарға салу арқылы өз даусын жазуға және өзгертуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл онлайн құралдар студенттерге видео және графикалық объектілер арасында ерекше ауысуларды, түсіндірмені жарқын және есте қаларлықтай ететін арнайы эффектілерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл видеоредакторлардың басым бөлігі титрларды жасауға және салуға, суреттің түстік және тоналдық коррекциясын жүзеге асыруға, дыбысты микшерлеуге және арнайы эффектілерді жасауға мүмкіндік береді. Кәсіби және жартылай кәсіби нысандағы бағдарлама бола отырып, олар дыбысты суретімен бірге уақытша кодпен синхронизациялауға мүмкіндік береді.

**7 қадам: Цифрлық түсіндірмені «жариялау».**

Оқылған кітаптар бойынша оқиғаларды презентациялау үшін арнайы оқытулар бөлінеді. Айна бір рет студенттер өз жұмыстарын көрсету және талқылау үшін жиналады. Бұл оқытуудың міндетті бөлігі. Әрбір оқиғаның көрермені және тыңдаушысы болуы керек. Бұл қажетті мотивацияны және өз қабілеттерін жетілдіруге үмтүлуды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, студенттердің алдында өз сөзін тиісті түрде жоспарлау тапсырмасы түр. Оқиғаның өзін қарау 3-4 минуттан артыққа созылмайды, ал сөз сөйлеу 15-20 минутқа созылуы мүмкін. Студенттерге өз сөзін үш бөлікке: қаралымға дейінгі, қаралымдағы және қаралымнан кейінгі кезеңдерге бөлу ұсынылады. Бұлай бөлу мәтіннің кез келген түрімен әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға сәйкес келеді.

Қаралымға дейінгі біз дәстүрлі түрде әлеуетті тілдік және экстралингвистикалық қыындықтарды алып тастайтын, сондай-ақ көрерменді қарауға мотивациялайтын кезеңде студенттер осы міндеттерге сай келетін өзінің тапсырмалары мен жаттығуларын ұсынады.

Олар режиссерлер алғашқы қаралымның алдындағыдай сияқты кіріспе сөз сөйлей алады немесе жайғана шет тіліндегі лексикалық-грамматикалық жаттығуларды мектептегі мұғалімдер істейтіндей, оқу видеосын қолданып жасайды. Қаралымда сұрақтар және тапсырмалар түрінде орнату міндетті саналады. Мұндай әдістемелік тәсіл студенттерге аландамай-ақ, топтың оқиғаны қарауға қызығушылығын қамтамасыз етеді.

Қаралым кезінде студенттер оларға берілген бұл тапсырманы орындауды немесе оның алдында қойылған сұрақ бойынша ойланады. Тапсырма көрерменге оқиғаның өзінен ләззат алуға кедергі келтірмей үшін қыын емес саналады.

Қаралымнан кейін автордың міндеті әзірге оқиғаның өзіне емес, түсіндірмеде қозғалған мәселеге хабарлама алу. Бұл әдette презентацияның қозғалмалы және интерактивті бөлігі. Студенттер шағын дебаттар, экспресс тестілеу өткізуі, нәтижелерді айтуы, ойындар және т.б. үйымдастыруы мүмкін. Автордың соңғы қорытынды сөзі, оның көрменге "жолдауы" презентацияны аяқтайды.

8 қадам: Пікірлер және бағалау.

Бағалау процедурасына топтағы барлық студенттер қатыстырылған. Біз өзара бағалау және пікір жазу үшін айдарды (1-кестені қараңыз). Қорытынды бағалау орташа арифметикалық ретінде шығарылады және мұғалімнің бағасымен толықтырылады. 1-кестеден көріп түрғанымыздай, цифрлық түсіндірменің ең маңызды компоненттері, сондай-ақ студенттердің өз оқиғасын көрермендерге таныстыру қабілеті бағаланады.

Берілген айдарда түсіндірменің мазмұндық және техникалық (цифрлық) жағы, сондай-ақ оқиғаны көрерменге өз көзқарасын араластырмай таныстыру қабілеті де тең дәрежеде бағалануға жатады. Бағалау айдарындағы айрықша назар дұрыс цитаталашу мен зияткерлік меншіктің, авторлық құқықтың қолданылған өнімдеріне сілтемелерді рәсімдеуге аударылады.

Біздің ойымызша, бұл қабілеттердің барлығы қосылып болашақ шет тілі мұғалімдерінің көркем әдебиетті оқу кезіндегі медиакомпетенциясының дамуын қамтамасыз етеді.

Components	4 points	3 points	2 points	1 point
Story / Dramatic Question	The DS (digital story) is well correlated. An essential dramatic question is asked and answered within the context of the story.	The DS is quite well correlated. A dramatic question is asked but not relevantly answered within the context of the story.	The DS is quite poorly organized. A dramatic question is mentioned but not clearly developed within the context of the story.	The DS is not well organized. A dramatic question is not posed or answered.
Visual Aspects	There are at least 4 visual aspects. They reflect well on the story, support the story, grab the attention of the audience and add to the power of the story. Transitions are smooth.	There are 3 or less visual aspects. They reflect on the story, support the story and help maintain the attention of the audience. Transitions are more or less smooth.	There is at least 1 visual aspect. It reflects not much on the story, supports the story but does not help maintain the attention of the audience. Some of the transitions are confusing.	Visual aspects have not been thoroughly selected and do not notably add to the story. Transitions are missed.
Gift of the voice	The voice is very clear, easy to understand and conveys the emotion of the story.	The voice is clear, quite easy to understand and somehow conveys the emotion of the story.	The voice is quite clear, not always easy to understand and does not convey any emotion.	The voice is not clear and is not easy to understand.

Time	The story is told within exactly the right amount of time (3 to 4 minutes).	The story at times contains unnecessary details, sometimes seems to be too long.	The story requires more editing and is apparently too long or too short.	The story requires extensive time editing.
Activities	There are pre-/while-/post watching activities. They are engaging, fun and appropriate for the audience.	Activities of one stage are missed. They are somewhat engaging, fun and appropriate for the audience.	Activities of one or two stages are missed. They are noticeably inappropriate for the audience.	There are no activities at all.
Credits and Citations		Two points will be deducted if credits or citations are missing.		

Қорытындылай келе, біз медиа білім беру заманауи қоғамдағы осы мәдениеттің жеке көрінісі арқылы адамның жалпы мәдениеттің тәрбиеленуі. Алайда, оқытылатын тілдің (ағылшын тілі) елдің мәдениетіне құрметпен қарауды тәрбиелеу жыл өткен сайын қындауда. Оқу процесіне өте көп экстра лингвистикалық, егер нақтырақ айтсақ, саяси факторлар әсер етеді. Сондықтан да шет тілі мұғалімдерінің медиакомпетенциясын оқушылардың заманауи ұрпағына түсінікті құралдар арқылы дамыту біздің ойымызша, бұл процеске дұрыс бағыт беруге қауқарлы.

### Үш тұғырлы тіл –ұлттың келешегі

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртууды жүргізуге тиіспіз»  
Н.Ә.Назарбаев

Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі діңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты қөтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен қөтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолданап уық секілді қадалады.

Елбасы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» жолдауын қай істі болса да өнер деп білген, өмір жолын еңбек жол деп сүйген, Отан үшін жалынға шарпылып, отқа қүйген ел перзенттеріне жолдады. Замана талқысына қөнбейтін, талап пен таланттың жегіп, терін төгіп, құлашын кең сермейтін, батыр да батыл өр адамына айтады. Қате басқан жері болса, қайталап түзеп, өз мінін өзі мінеп, сүрінсе мұқалмай, бір тізерлей тұрып, қайта тұлеп, озық кеткен қатарына жетіп, одан әрі өтетін озат ұл-қызына айтады. Мәңгілік Елдің тамыры ұлт тарихында, ұлттың тілі мен ділінде. Халықта біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат-«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Қазақ тілі-елдің қазынасы. Қазақ тілінің шырыны-бабалар өсieti. «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз». «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

Тіл-халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәрімізде қолдаймыз.

Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатынымыз да белгілі.

Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар менгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық

ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. Бұгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді менгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған жүйе.

«Келешекке кемел біліммен», - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келшекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үніліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді менгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі. Елбасының ұштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», - дегендей өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», - деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі танда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін менгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор. Бұл бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуудың ең алғашқы сатысы болып саналады. Өйткені қазіргі уақытта бірнеше тілді менгерген азаматтардың қай ортада жұмыс істесе де жолы ашық. Мемлекеттік тіл мемлекет өмірінің барлық саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін, орыс тілі ұлтаралық қатым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етуде.

Қазақстанда тіл үйрену мәселесі ерекше маңызға ие. Тілдерді оқыту орталығында оқитын тыңдаушылар бұл тілдің тек қана бір қатынас құралы ғана емес, ол сол халықтың тарихы, мәдениеті, өмір салт-дәстүрін, толық болмысы мен бет-бейнесін көрсететінін ұғына отырып, оқу үрдісінде аталған жайлар туралы пікірлерін жиі ортаға салып отырады.

Біздің орталықта оқитын өзге ұлт өкілдері қазақ тілін үйренумен қатар салт-дәстүрін де біршама менгерді деуге болады. Қазір кез келген орталықта оқитын тыңдаушыдан қазақ халқының салт-дәстүрі туралы сұрасаңыз, қиналмай-ақ өз білгендерін қазақша атауымен айтып береді. Өз ана тілінді қадірлемей, ел-жүртynды сүйе алмайсын. Әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындал, оны іске асыра білгені де жөн. Елбасы өз Жолдауында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз... Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады...» дегені көпкө белгілі. Сонымен қатар «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлттымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек деген болатын. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» менгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мұмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің ұштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Біз өз елімізде өз ана тілімізде, қазақ тілінде сөйлеуге міндеттіміз. Өйткені, тіл – біздің қазақтығымыздың кепілі. Мемлекетіміздің мызығынан нышаны. Мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгермей, ештеңе де өзгермейді. Қоғам мен қоғамдық сана өзгерген сайын тіл де өзгеріп отырады. Біздің орталықтың ұжымы заман ағымына сай өздеріне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруда.

Әрине, кез келген азаматтың үш тілде сөйлегені дұрыс, үш тілді қатар менгергеннен, тіл білгеннен ешкім де ұтылмайды. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түсken әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік.

Қазір тіл үйренушілердің барлығы дерлік орыс тілін, қазақ тілін жақсы менгерген. Сондықтан да тілдердің ұштұғырлығының бір ұшы мемлекеттік тіл – қазақ тілін менгеру болғандықтан жұмыстың басым белгі қазақ тілін менгеруге бағытталып отыр. Біздің негізгі мақсатымыз - Қазақстанда тұратын барша азаматтың қазақ тілін менгеруі. Бұған барлығымыз да үлкен түсіністікпен қараймыз. Ағылшын тілін білу игілікті іс. Қазір атқарылып жатқан

қызметтің барлығы Қазақстанның әр азаматы аудармашының көмегінсіз қарым-қатынас жасай алатында дәрежеге жетсек деген ниет. Бұл бәріміздің де дәрежемізді арттырады. Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бұрсұгінгі де тағдыры. Қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенде жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүргегің тиімді... қысыл таяң қатал жағдайда қайрап, егер сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл».

Осы орайда өз іс-тәжірибеліде студенттердің интеллектуалдық қабілетіне тұрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабакты үш тілде жүргізуң тиімділігі зор екенін айта кетсем артық болмас. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: Мысалы: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сыйысайық!» сынды тағы басқа ойындарды өткізуң тиімділіктердің маңызы айрықша. Студенттерді ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б түрлері студенттердің пәнге деген қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға тұрткі болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да студенттер қызыға орында, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды. Мениң айтпақ дегенім Алда тұрған мақсатқа жету үшін талаптану да, тырысу да өз қолымызда. Көп болып қолға алынған іс әрқашан да жүйесін табады. Бір ауыз сөз көкке де көтереді, бір ауыз сөз жерге де кіргізеді. Алдымен қарым-қатынас тілінен бастасақ ештеңеден де ұтылмай ақпарат ағымында үш тілде сөйлей алғанымызға ешкімнің де шүбәсі болмайды. Игілікті істің ерте-кеші жоқ екенін ұмытпай, алдымен қазақ, кейін ағылшын тілін үйренсек құба-құп.

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Ұлттық өркендер, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне құмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмәніміз жоқ деп білемін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Нұр-Сұлтан, 2007
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері,
3. Әбдуәли Т. Үштүшірле тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008
4. Тәнірбердікізы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. 2008
5. Фабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008